

Көксу ауданы мәслихатының кейбір шешімдерін жою туралы

Жетісу облысы Көксу аудандық мәслихатының 2025 жылғы 25 қыркүйектегі № 47-194 шешімі

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 7-бабына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 46-бабының 2 тармағының 2) тармақшасына сәйкес, Көксу ауданы мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Көксу ауданы мәслихатының келесі шешімдері жойылсын:

1) "Көксу ауданы мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы " 2023 жылғы 25 сәуірдегі № 3-24 (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде № 180599 болып жарияланған);

2) "Көксу ауданы мәслихатының 2023 жылғы 25 сәуірдегі № 3-24 "Көксу ауданы мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2023 жылғы 31 шілдедегі № 6-40 (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде № 184741 болып жарияланған).

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Көксу ауданы мәслихатының төрағасы

Ж. Бейсенбай